

ҚР ДСМ «Республикалық қан орталығы»
ШЖҚ РМК



РГП на ПХВ «Республиканский центр крови»
МЗ РК

«КЕЛІСІЛДІ»

ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің «Республикалық
қан орталығы» ШЖҚ РМК Бақылау кеңесінің
шешімімен
отырыс хаттамасы № _____
2020 жылғы «_____» _____

«БЕКІТЕМІН»

Директор
ҚР ДСМ «Республикалық қан орталығы»
ШЖҚ РМК директоры
_____ Д. Бекиров
«_____» _____ 2020 ж.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің
«Республикалық қан орталығы» ШЖҚ РМК-ның
2020-2024 жылдарға арналған
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЫ

Алматы, 2020

Мазмұны

1.	Миссия және көзқарас. Құндылықтар және этикалық қағидаттар	3 - 4
2.	Ағымдағы жағдайды талдау және тәуекелдерді басқару	4 - 15
3.	Басым бағыттар және оларды іске асыру жөніндегі шаралар	15 - 17
4.	Стратегиялық және бюджеттік жоспарлаудың өзара байланысының архитектурасы	18
5.	Стратегиялық бағыттар, мақсаттар және нысаналы индикаторлар	19 - 23
6.	Ресурстар	23

1 бөлім. Миссия және көзқарас. Құндылықтар және этикалық қағидаттар

Миссия: Бейбіт уақытта және төтенше жағдайларда трансфузиялық көмектің қауіпсіздігін, сапасын және қолжетімділігін қамтамасыз ету.

Көзқарас: Донорлық қан өнімдерімен және мамандандырылған зертханалық қызметтермен өзін-өзі қамтамасыз ету қағидаттарына, оларды клиникалық қолданудың ұтымдылығы мен тиімділігіне негізделген заманауи халықаралық стандарттарға сай келетін қан қызметінің тиімді және қолжетімді жүйесі.

Құндылықтар және этикалық қағидаттар: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Республикалық қан орталығы» ШЖҚ РМК (бұдан әрі-РҚО) стратегиялық маңызды корпоративтік шешімдер қабылдау үшін де, лауазымды адамдар мен қызметкерлер тап болатын күнделікті жағдайларда да мемлекеттік органдармен, РҚО лауазымды тұлғаларымен және қызметкерлерімен, серіктестермен, басқа да мүдделі тұлғалармен өзара қарым-қатынаста Іскерлік әдеп кодексінің талаптарын қабылдайды және ұстанады.

1. РҚО қызметі қалыптастырылатын негіздік корпоративтік құндылықтар қызметкерлердің әдептілігі, сенімділігі және кәсібилігі, олардың жұмысының тиімділігі, өзара көмек, бір-біріне деген құрмет болып табылады.

2. РҚО-ның негізге алынатын этикалық қағидаттары:

1) **Құзыреттілік және кәсібилік.** РҚО қызметкерлерінің тиісті білімі, жұмыс тәжірибесі, салмақты және жауапты шешімдер қабылдау қабілеті болуы тиіс. РҚО өз қызметкерлері үшін кәсіби білім мен дағдылар деңгейін арттыру, кәсіби, шығармашылық қабілеттерін іске асыру, әлеуетін және мансаптық өсу мүмкіндігін дамыту үшін жағдайлар жасайды.

2) **Отаншылдық.** РҚО-ға мемлекет тарапынан жүктелген жоғары сенім және оның әлеуметтік жауапкершілігі отаншылдық сезімін және денсаулық сақтау жүйесінің дамуына ықпал етуге ұмтылысты тудырады.

3) **Айқындық.** РҚО кәсіпорын туралы ақпараттың барынша айқындығына, ашықтығы мен сенімділігіне, оның жетістіктері мен қызметінің нәтижелеріне ұмтылады. РҚО серіктестерді істердің жай-күйі туралы адал, уақтылы хабардар етуге, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік пен есепке алу сапасын жақсарту негізінде ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін арттыруға ұмтылады. Сонымен қатар, РҚО коммерциялық және қызметтік құпияларды құрайтын ақпарат пен мәліметтердің жария етілмеуін қадағалайды.

4) **Жауапкершілік пен адал ниеттілік.** РҚО Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарында, шарттық

қатынастарда, іскерлік айналым әдет-ғұрыптарында және моральдық-адамгершілік қағидаттарында белгіленген міндеттемелерге жауапкершілікпен және адал ниетпен қарайды. РҚО мемлекет алдындағы өзінің әлеуметтік жауапкершілігін түсінеді.

5) **Адалдық пен әдептілік** - РҚО қызметінің және оның іскерлік беделінің негізі. Кәсіпорын жеке мүдделер мен кәсіби қызмет арасындағы қақтығыстарға жол бермейді. Алдау, үнсіздік және жалған мәлімдемелер лауазымды тұлғаның, қызметкердің, кәсіпорынның мәртебесіне сәйкес келмейді.

б) **Жеке тұлғаны құрметтеу** - атқаратын лауазымына, атқаратын қызметтік және еңбек міндеттеріне қарамастан, РҚО-ның лауазымды адамдары, қызметкерлері басшылыққа алуы тиіс негізгі қағидат. Жеке тұлғаны құрметтеу қағидатын өзара сақтау қызметкерлерге қатысты лауазымды тұлғалар үшін де, лауазымды тұлғаларға қатысты қызметкерлер үшін де тең дәрежеде міндетті болып табылады.

2 бөлім. Ағымдағы жағдайды талдау және тәуекелдерді басқару

1. Стратегиялық бағыт 1. Медициналық ұйымдарды сапалы және қауіпсіз қан компоненттерімен қамтамасыз ету арқылы халықтың денсаулығын нығайту.

1.1. Ағымдағы жағдайды талдау

РҚО әлеуетті өндірістік қуаты жылына 50 000 донацияны құрайтын Қазақстан Республикасының жетекші қан орталықтарының бірі болып табылады.

Әлемнің қан қызметтерінің үздік тәжірибелеріне сәйкес РҚО-ға енгізілді:

- ресурс үнемдейтін аппараттық технологияларды пайдалана отырып, қан компоненттерін дайындау және өндірудің заманауи, жоғары технологиялық әдістері;

- донорлық қанның инфекциялық қауіпсіздігін (ИХЛ талдау және ПТР) қамтамасыз етудің «алтын стандарты» болып табылатын жабық автоматты диагностикалық жүйелер жағдайында трансфузиялық инфекцияларға донорлардың қан үлгілерінің екі сатылы зертханалық скринингі;

- плазмадағы және тромбоциттер концентратындағы патогендерді инактивациялау технологиялары;

- олардың иммунологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қан компоненттерін лейкофилтрациялау;

- жаңа мұздатылған плазманы карантиндеу технологиялары;

- иммуногематологиялық зерттеулер жүргізуге арналған бағаналық агглютинация технологиялары.

Қанды және оның компоненттерін автоматтандырылған дайындау мен өндеудің заманауи технологиялары кеңінен қолданылады, жыл сайын дайындаманың ресурс үнемдейтін аппараттық технологияларының, оның ішінде көп

компонентті дайындаманың көмегімен дайындалған қан компоненттерінің үлесі артып келеді. Көп компонентті дайындама экономикалық тиімділіктен басқа, компоненттерді алу және сапасын бақылау процесін аппараттық стандарттау арқылы алынған қан компоненттерінің сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Қанның жасушалық компоненттерін алу үшін әртүрлі өндірушілердің жабдықтары қолданылады, бұл олардың сипаттамаларын ескере отырып, қолда бар донорлық әлеуетті барынша және мұқият пайдалануға мүмкіндік береді.

Қан жасушаларын, оның ішінде әмбебап және сирек топтарды ұзақ мерзімді сақтау банкі құрылды, бұл медициналық ұйымдардың (бұдан әрі - МҰ) шұғыл қажеттілігі жағдайында олардың қажетті қорын қамтамасыз етті.

РҚО базасында ел халқының 47%-ы тұратын Алматы қаласы мен 4 облыстың (Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстары – Оңтүстік өңір) тұрғындарына ағзалар мен тіндерді транспланттауды сүйемелдеу үшін жоғары технологиялық зертханалық зерттеулерде қолжетімділік пен жеделдікті қамтамасыз ететін ағзалар мен тіндерді иммунологиялық типтеудің орталықтандырылған зертханасы (HLA-зертхана) жұмыс істейді. Трансплантологиялық көмек көрсетудің халықаралық тәжірибелеріне сәйкес HLA-зертхананың қызметі трансплантациялық орталықтарға қарамастан жүзеге асырылады, өз кезегінде Алматы қаласының трансплантациялық орталықтары жанындағы бірнеше шашыраңқы зертханалардың орнына оңтүстік өңір үшін бірыңғай HLA-зертхананы қаржыландыру бөлігінде экономикалық нысаналылығы ескерілді.

Донорлық қан өнімдеріне өтінімдер жүйесін оңтайландыруға, олардың болуы және клиникалық пайдаланылуына мониторингті қамтамасыз етуге, сондай-ақ реципиенттерді есепке алуды автоматтандыруға мүмкіндік беретін бірыңғай ақпараттық кеңістікте МҰ-мен электрондық өзара іс-қимыл тетіктері әзірленді.

РҚО қызметінің негізгі көрсеткіштерін талдау

2019 жылы РҚО-ға барлығы 17 000 донор жүгінді, оның ішінде 12 154 донор донациялауға жіберілді. 2019 жылы барлығы 15 115 донация жүзеге асырылды.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсыныстарына сәйкес, ерікті ақысыз донорлар ең қауіпсіз болып табылады. РҚО-да ерікті өтеусіз қан донорлығын дамыту бойынша жоспарлы жұмыс жүргізілуде. Мәселен, 2019 жылы осындай донорлардан қан донацияларының үлесі, республикалық орташа көрсеткіші 96,6% кезінде, 98,1%-ды құрады.

Донорлардың ықтимал қауіпті санаты болып табылатын туысқан донорлардан (мәжбүрлі донорлық) донациялар саны айтарлықтай азаяды. Мәселен, 2017-2019 жж. кезеңінде туыстық донациялардың үлесі, республикалық орташа көрсеткіші 16,7% кезінде, 13%-дан 0%-ға дейін төмендеді.

Бірқатар жылдар бойы РҚО ақылы донациялардың үлесін төмендету бойынша жұмыс жүргізіп келеді. 2017 жылдан 2019 жылға дейінгі кезеңде ақылы донациялардың үлесі, республикалық орташа көрсеткіші 3,4% кезінде, 4%-дан 1,9%-

ға дейін қысқарды.

Өтеусіз ерікті донорлықты одан әрі дамыту және халықаралық стандарттарға сәйкес қан донорлығын танымал ету мақсатында РҚО «Қазақстанның Қызыл Жарты ай қоғамы», «Baurzhan» қайырымдылық қоры» қоғамдық қоры, «Help today» қоғамдық қоры сияқты үкіметтік емес ұйымдармен (бұдан әрі – ҮЕҰ) үлкен жұмыс жүргізеді. ҮЕҰ-ның көмегімен РҚО оқу орындарында, кәсіпорындарда, қаланың мемлекеттік және жеке ұйымдарында «Донор күні» акцияларын үнемі өткізеді.

РҚО әлеуметтік желілерде және бұқаралық ақпарат құралдарында белсенді ақпараттық сессиялар өткізеді. Бүгінгі таңда Facebook-тің жазылушылар саны 5 000, Instagram әлеуметтік желісінде – 2 210, әлеуметтік желілерде айына орта есеппен Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және қан қызметінің өзекті мәселелері бойынша 22 жарияланым шығарылады.

Тұрақты өтеусіз ерікті донорлардың (донациялардың оң тарихы бар ең қауіпсіз донорлардың) саны артты. 2017-2019 жылдары кезеңінде, республикалық орташа көрсеткіші 13,3% кезінде, тұрақты донорлардың үлесі 12%-дан 32,9%-ға дейін өсті. 2019 жылы тартылған ерікті өтеусіз донорлардың саны 3 588 құрады (донорлардың жалпы санының 29,5%).

Қан қызметін дамытудың басым бағыттарының бірі донорлық қан өнімдерінің аппараттық аферезінің жоғары технологиялық, ресурс үнемдейтін әдістерін пайдалану болып табылады. РҚО-да бұл әдістерді, республикалық орташа көрсеткіші 10,1% кезінде, пайдалану үлесі 2019 жылы 17,6% құрады. Бұл ретте 2019 жылы толық қан донацияларының үлесі 82,4% құрады.

Ұйымдастырылған ұжымдарға тұрақты көшпелі жағдайда донацияларды жүргізу жүзеге асырылады, бұл донор үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз етуге, донорлықты танымал етуге және ұйымның имиджін жақсартуға ықпал етеді. 2019 жылы РҚО-да көшпелі жағдайларда қан және оның компоненттерін дайындау, республикалық орташа көрсеткіші 15% кезінде, 23%-ды құрады.

Донорлықты ұйымдастырудың жоғарыда көрсетілген тәсілдері РҚО-ға бірнеше жылдар бойы донациялардың жарамсыздық көрсеткіштерінің ең төмен көрсеткіштерінің біріне ие болуға мүмкіндік береді, ол 2019 жылы орташа республикалық көрсеткіші 3,5% кезінде 1,8%-ды құрады (№1 кесте).

№1 кесте. РҚО донацияларының негізгі көрсеткіштері

№ р/б	Көрсеткіштің атауы	2017 ж.		2018 ж.		2019 ж.	
		РҚО	ҚР бойынша орташа көрсеткіші	РҚО	ҚР бойынша орташа көрсеткіші	РҚО	ҚР бойынша орташа көрсеткіші

1.	Қан донацияларының үлесі, %	77	88	71,6	89,6	82,4	90,0
2.	Жасуша донациясының үлесі, %	11	6	15,5	6,9	15,7	8,2
3.	Плазма донациясының үлесі, %	12	7	12,9	3,5	1,9	1,9
4.	Көшпелі жағдайларда қан донациясының үлесі, %	28,7	11,7	22,3	16,4	23	15
5.	Қан және оның компоненттерінің ерікті өтеусіз донацияларының үлесі, %	82,4	69,3	95,9	76,1	98,1	96,6
6.	Ерікті туыстық донациялардың үлесі, %	13,3	25,3	0,4	19,9	0	16,7
7.	Ақылы донациялардың үлесі, %	4,3	5,4	3,7	3,9	1,9	3,4
6.	Донациялардың жарамсыздық үлесі, %	3,0	6,0	2,7	4,5	1,8	3,5

Қосымша өңдеу әдістерінен өткен қан компоненттеріне мұқтаж реципиенттердің ерекше топтарының бірі пациенттердің ерекше контингенті болып табылады (балалар, босандыруға дәрігерлік жәрдем беретін мекемелерінің пациенттері, трансфузияға тәуелді және иммундық мәртебесі өзгерген адамдар). Иммунологиялық және инфекциялық қауіпсіздікті арттыру үшін осы контингент үшін РҚО қанының барлық компоненттері лейкофилтрация/лейкоредукция, патогендерді инактивациялау және карантиндеу рәсімдерінен өтеді (№2 кесте).

№2 кесте. Медициналық ұйымдарды қауіпсіз қан компоненттерімен қамтамасыз ету көрсеткіштері

№ р/б	Көрсеткіштің атауы	2017 ж.		2018 ж.		2019 ж.	
		РҚО	ҚР бойынша орташа	РҚО	ҚР бойынша орташа	РҚО	ҚР бойынша орташа

			көрсеткіші		көрсеткіші		көрсеткіші
1.	Лейкофилтрленген эритроциттердің үлесі, %	100	100	100	100	100	100
2.	Карантинделген ЖМП үлесі, %	67	56	39	53,5	73	64,4
3.	Вирустазартылған ЖМП үлесі, %	33	17	61	17,6	27	15,9
4.	Лейкофилтрленген, вирустазартылған тромбоциттердің үлесі, %	100	100	100	100	100	100
5.	Аферезді тромбоциттердің үлесі, %	100	100	100	100	100	100

РҚО-да донорлық қанның барлық үлгілерін скринингтеу қолданыстағы нормативтік құқықтық актіге (2019 жылғы 15 сәуірдегі №ҚР ДСМ-34 «Донорларды медициналық қуғандыруға және медициналық қолдану үшін қан өнімдерін өндіру кезіндегі қауіпсіздікке және сапаға қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР ДСМ бұйрығы) сәйкес жабық зертханалық жүйелерде екі сатылы әдіспен жүзеге асырылады – қан компоненттерінің инфекциялық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің «алтын стандарты». РҚО-да жабық жүйелердегі екі сатылы скринингтің үлесі 100%-ды құрайды.

Иммунологиялық типтеудің зертханалық қызметін дамыту шеңберінде Қазақстан Республикасының оңтүстік өңірлерінде ағзалар мен тіндерді транспланттау процесін сүйемелдеу үшін 2017-2019 жылдар кезеңінде иммуногенетикалық зерттеулердің заманауи әдістемелері енгізілді:

- Lumipex технологиясымен антиденелерді анықтау;
- SSP-флуоресцентті технологиямен типтеу;
- ГДЖ трансплантациясынан кейін өмір сүруді бағалау үшін химеризмді анықтау

РҚО-дағы HLA зерттеулерінің саны 2017 жылғы 2 130 зерттеуден 2019 жылы 3 389 зерттеуге дейін өсті.

Қызметтің тиімділігін және денсаулық сақтау саласындағы сапа және қауіпсіздік стандарттарына сәйкестігін одан әрі арттыру мақсатында РҚО сапаны сыртқы бағалаудың ұлттық және халықаралық бағдарламасына (ССБ) белсенді қатысады.

2015 жылғы маусымда Клиникалық және зертханалық стандарттар институты (CLSI, АҚШ) сапаны басқару жүйесі бойынша РҚО-ның трансфузиялық инфекциялар зертханасы мен қан тестілеу бөлімшесінің қызметіне бағалау жүргізді.

Сарапшылар зертханалардың қызметіне оң баға берді. 2016 жылдың наурыз айында CLSI сарапшыларының халықаралық аккредиттеуді алу жөніндегі жоспарларды талқылау мақсатында қайталама сапары өтті.

Жыл сайын 2017 жылдан бастап РҚО-ның трансфузиялық инфекциялар зертханасы «Сыртқы сапаны бағалау жобасы – Ұлттық сәйкестік тесті» бағдарламасы бойынша зертханалық зерттеулердің сапасын сыртқы бақылаудың халықаралық бағдарламасына қатысады (EQAR NAT-2017, Италия).

2020 жылы РҚО-да қан қызметі саласындағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін 2017 жылы берілген бірінші аккредиттеу санатын растай отырып, ұлттық аккредиттеудің қайталама рәсімі өткізілді.

1.2. Негізгі мәселелерді талдау

Сонымен қатар, Алматы қаласы мен жалпы республиканың қан қызметінің бірқатар проблемалары бар, оларды шешу үшін денсаулық сақтау жүйесін реформалау жағдайында қан қызметінің даму саясаты мен құрылымын жетілдіру қажет.

Халықтың донорлық белсенділігінің төмендеуі.

Қазіргі уақытта Қазақстанда халықтың донорлық белсенділігінің төмендеу үрдісі байқалады. Республикалық орташа көрсеткіш 2016 жылғы 1000 тұрғынға шаққанда 15-тен 2019 жылы 1000 тұрғынға шаққанда 11,6-ға дейін төмендеді. Алматы қаласы бойынша бұл көрсеткіш 2019 жылы 1000 тұрғынға шаққанда 16,5 құрады (2017 жылғы көрсеткіш – 1000 тұрғынға шаққанда 19). Донорлықты дамыту бойынша міндеттер толығымен қан қызметіне жүктелген. Ұлттық деңгейде донорлық қозғалысты дамыту және қолдау бағдарламасы жоқ.

Гемотрансмиссивті жұқпалар және басқа да жұқпалы аурулар бойынша тұрақсыз эпидемиологиялық жағдай.

Бүгінгі таңда шет елдерден гемотрансмиссивті жұқпалар мен басқа да жұқпалы ауруларды (COVID-19, Батыс Ніл вирусы, Чагас ауруы және т.б.) әкелу қаупі бар. Қарқынды дамып келе жатқан интеграциялық процестер, тауарлардың, адамдар мен көлік құралдарының еркін қозғалысы жұқпалы ауруларды жұқтыру қаупін арттырады, олардың өршуі шекаралас елдерде және Қазақстанмен тікелей көлік қатынасы бар мемлекеттерде тіркеледі.

Туберкулездің таралуын эпидемиологиялық қадағалау мәселелері өзекті болып қала береді, оның сырқаттану деңгейі Қазақстанда ТМД елдері арасында ең жоғары болып табылады.

Халықтың АИТВ, В және С гепатиті вирустарымен, мерезбен инфекциясының өсу үрдісі, ҚР халқы арасында, әсіресе инъекциялық есірткіні тұтынатын нашарлықтың өсуі аландаушылық туғызады.

Жоғарыда аталған барлық факторлар Қазақстан Республикасында донорлықты дамытуда жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін.

РҚО-ны материалдық-техникалық жарақтандырудың жеткіліксіздігі.

Қан компоненттерін өндірудің және зертханалық зерттеулердің заманауи технологияларын қолдау және дамыту үшін РҚО-ны материалдық-техникалық қамтамасыз етудің жеткіліксіздігімен байланысты мәселелер проблемалы болып қалуда.

Мәселен, HLA-зертханада бүгінгі күні жүргізілетін зерттеулер көлемінің ұлғаюына байланысты зертханалық қуаттардың жеткіліксіз саны, мұздатқыш, тоңазытқыш жабдықтардың, амплификаторлардың, мөлшерлейтін аспаптардың, шейкерлердің, вортекстердің, центрифугалардың жетіспеушілігі бар.

Сонымен қатар, онкогематологиялық науқастарды емдеуде қолданылатын гемопоэтикалық дің жасушаларын трансплантациялауды сүйемелдеу үшін өте маңызды өткізу қабілеті жоғары генетикалық анализатордың қажеттілігін атап өткен жөн.

Сонымен қатар, РҚО қанның донорлық компоненттерін сәулелендіру мүмкіндігіне ие емес. Бұл ретте РҚО-дан донорлық қан өнімдерін алатын пациенттердің негізгі контингентін онкогематологиялық аурулары бар балалар (ҒПЖБХО), онкологиялық аурулары бар пациенттер (ҚазОРҒЗИ), трансплантациядан кейінгі пациенттер (А.Н. Сызғанов атындағы ҰҒХО, ҚЖІАҒЗИ) құрайды, олар үшін сәулеленген компоненттерді құю қажет, ол үшін құны 300 млн. теңге радиациялық сәулелендіргіш сатып алу қажет.

Сонымен қатар, алынған қан компоненттерінің сапасын бақылауды арттыру үшін қалдық лейкоциттердің есебін жүргізу үшін ағынды цитофлуориметрді сатып алу қажет.

1.3. Тәуекелдерді басқару

Өз қызметі барысында РҚО Стратегиялық жоспардың мақсаттарына қол жеткізуге кедергі келтіруі мүмкін бірқатар тәуекелдердің (мақсаттарға қол жеткізуге кедергі келтіруі мүмкін жағдайлар) немесе РҚО тарапынан бақылауға алынбайтын сыртқы факторлардың туындауына тап болуы мүмкін.

Ықтимал тәуекелдердің атауы	Қарсы іс-қимыл тетіктері мен шаралары
Ішкі тәуекелдер	

<p>Материалдық-техникалық жаратандырудың жеткіліксіздігі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - иммунологиялық типтеу зертханасы - сапаны бақылау зертханасы; -қан компоненттерін сәулелендіруге арналған радиологиялық жабдықтың болмауы 	<p>РҚО бөлімшелерін толыққанды жете жаратандыру, мәселені уәкілетті орган деңгейінде шешу.</p>
<p>Қан препараттарын өндіру процесінің қазіргі халықаралық стандарттарға сәйкес келмеуі</p>	<p>2020 жылы өндірісті жабу, келісімшарттық фракцияға көшу</p>
<p>РҚО ғимаратын сейсмикалық күшейтудің болмауы</p>	<p>Бүкіл Алматы өңірі үшін РҚО жаңа ғимаратының құрылысы</p>
<p>Донорлық қан өнімдеріне сұраныстың төмендеуі</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жаңа қызметтерді дамыту (зертханалық зерттеулер, қан жасушаларын алу және өңдеу және т. б.) 2. Жаңа технологияларды зерделеу және енгізу арқылы өндірістік процестерді жетілдіру
<p>Сыртқы тәуекелдер</p>	
<p>Донорлық белсенділіктің төмендеуі</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Тұрақты негізде медиа тұлғаларды тарта отырып, өтеусіз қан донорлығын насихаттау бойынша донорлық акциялар өткізу 2. Мектептегі білім беру ұйымдарын, ойын-сауық және сауда мекемелерін қоса алғанда, ұйымдар мен кәсіпорындарда үгіт-ағарту іс-шараларын өткізу 3. Қан донорлығы тақырыбында ақпараттық материалдарды дайындау және тарату 4. БАҚ және әлеуметтік желілер арқылы халықпен жұмыс жүргізу

Жұқпалы аурулардың таралуының артуы	<ol style="list-style-type: none"> 1. Донорларды қабылдау кезінде эпидемиологиялық бақылауды күшейту 2. Республиканың қан орталықтарында зертханалық зерттеулердің сапасына сыртқы бақылау жүргізу арқылы зертханалық зерттеулердің сапасын арттыру 3. Зертханалық зерттеулердің сапасын сырттай бағалаудың шетелдік бағдарламаларына қатысу 4. Қан қызметінің нормативтік құқықтық базасын жетілдіру
Жабдықтар мен шығын материалдарын жеткізушілер бағасының өсуі	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жеткізушілер бағасының мониторингін тұрақты жүзеге асыру 2. Тіркелген жағдайда ҚР ДСМ-де тіркелген бағаларға сәйкес сатып алынатын шығыс материалымен жұмыс

2. Стратегиялық бағыт 2. Пациентке бағдарлануды/донорға бағдарлануды арттыру

2.1. Ағымдағы жағдайды талдау

2019 жылы РҚО құрылымын қайта құру жүргізілді. Сапаны бақылау басқармасы құрылды, оның құрамына сапа менеджменті және тәуекелдерді басқару бөлімі, клиникалық аудит бөлімі, қоғаммен байланыс және статистикалық талдау бөлімі, сапаны бақылау зертханасы кіреді.

Трансфузиялық көмек сапасының деңгейін одан әрі жетілдіру және донорлық қан өнімдерін тиімді пайдалану мақсатында 2021-2023 жж. «InfoBlood» МАЖ базасында «Донорлық қан өнімдерінің қорларын өңірлік басқару» модулін әзірлеу және кейіннен қызмет көрсетілетін медициналық ұйымдарға енгізу жоспарлануда.

Бұдан басқа, пациентке бағдарлануды/донорға бағдарлануды арттыру мақсатында медициналық ұйымдардың реципиенттеріне трансфузиялық көмекті проспективті және ретроспективті талдауды қамтамасыз ету бөлігінде одан әрі жұмыс жүргізілетін болады. Медициналық ұйымдарда трансфузиялық көмектің клиникалық аудитін жүргізу әдістері мен стандарттары жетілдірілетін болады.

РҚО-ны дамытудың маңызды мәселесі кадрлық әлеуетті жақсарту болып табылады.

Кадрлық ресурстар

РҚО штатында 296 бірлік, оның ішінде дәрігерлер 40 бірлік, орта медициналық персонал (бұдан әрі-ОМП) 73,5

бірлік, кіші персонал 27,0 бірлік, медициналық тіркеуші 18 бірлік, өзге де персонал 102,0 бірлік, әкімшілік-басқару персоналы 35,5 бірлік.

РҚО мамандары өздерінің кәсіби әлеуетін арттыруға, дамыған елдерде қан қызметі мен зертханалық қызметті ұйымдастыру тәжірибесін зерделеуге мүмкіндігі бар, бұл да РҚО мамандары үшін үлкен артықшылық және жақсы мотивациялық фактор болып табылады.

Сондай-ақ, ынталандырушы факторларға зерттеу нәтижелерінің жарияланымдарын дайындау, Қазақстанда да, шетелде де РҚО, ТҒӨО және басқа да ғылым және білім беру ұйымдарында өткізілетін ғылыми конференцияларға қатысу мүмкіндігі жатады.

РҚО ғылыми кадрлары: 1 профессор, медицина ғылымдарының докторы, 1 медицина ғылымдарының кандидаты.

РҚО академиялық кадрлары: 7 магистр.

Жыл сайын РҚО базасында ерікті өтеусіз донорлықты дамыту бағыттары жөнінде, медициналық ұйымдарда, зертхана мамандары үшін иммуногематология саласында трансфузиялық көмекті ұйымдастырудың өзекті мәселелері бойынша, донорлық қан өнімдерін клиникалық қолдану мәселелері бойынша шебер кластары, семинар-тренингтер, дөңгелек үстелдер өткізіледі. РҚО мамандары қан қызметі мәселелері бойынша ұлттық және халықаралық конгрестерге қатысады. РҚО-да қызметкерлерді оқытуға және олардың біліктілігін арттыруға үлкен мән беріледі. Мәселен, 2017-2019 жылдар кезеңінде 62 қызметкер кәсіптік оқудан, біліктілікті арттыру курстарынан өтті, ұлттық және халықаралық конференцияларға 10 адам қатысты.

2019 жылы РҚО штатының жасақталуы дәрігерлерде 78,2% орташа республикалық көрсеткішпен 76%-ды, орта медициналық персоналда 84% орташа республикалық көрсеткішпен 63%-ды құрады.

Дәрігерлік лауазымдарды атқаратын 30 қызметкердің 21-і медициналық білімі бар, олардың 8-і (38%) санатқа ие. Бұл көрсеткіш санаттауға жатпайтын бірқатар қызметкерлердің (биолог мамандар) санаттауға жататын дәрігерлік мөлшерлемелерге иеленуіне байланысты. Санаты бар 8 қызметкердің ішінде 6 қызметкердің жоғары дәрігерлік санаты, 1 қызметкердің бірінші және 1 қызметкердің екінші санаты бар. Сонымен қатар, 4 дәрігер санатты алу мерзіміне сәйкес келмеді (жалпы еңбек өтілі 5 жылдан аз).

Орта медициналық персоналдың (бұдан әрі - ОМП) санаттылық деңгейі 49%-ды құрайды, яғни ОМП-ның 49 қызметкерінің 24-і жоғары және бірінші санаттарға ие, 22 қызметкері 5 жылдан кем өтілі бар, яғни олар үшін санатты алу мерзімі әлі сәйкес келмеді.

РҚО-да қызметкерлерді оқытуға және олардың біліктілігін арттыруға үлкен мән беріледі. Мәселен, 2017-2019 жылдар кезеңінде 62 қызметкер кәсіптік оқытудан, біліктілікті арттыру курстарынан өтті. 10 қызметкер ұлттық және

халықаралық конференцияларға қатысты.

2.2. Негізгі мәселелерді талдау

Бүгінгі таңда дәрігерлер мен орта медициналық персоналдың санаттылық деңгейі төмен деңгейде қалып отыр.

Зертханашы дәрігер (зертхана мамандары) және провизор лауазымдарын атқаратын 18 қызметкердің биологиялық (медициналық емес) және фармацевтикалық білімі бар, бұл оларға санат алуға мүмкіндік бермейді және бұл өз кезегінде дәрігерлердің санаттылығының төмен деңгейінің негізгі себебі болып табылады.

Орта медициналық персонал арасындағы санаттылық деңгейінің көрсеткішіне жұмыс тәжірибесі жоқ жас мамандарды қабылдау фактісі әсер етеді.

Осы көрсеткіштің өсуін қамтамасыз ету мақсатында бөлімшелер мен оқу орындарының басшыларымен тығыз ынтымақтастықта біліктілікті арттыру және санаттар беру жөніндегі оқу жоспарының өтуіне тұрақты мониторинг жүргізілетін болады.

2.3. Тәуекелдерді басқару

Ықтимал тәуекелдердің атауы	Қарсы іс-қимыл тетіктері мен шаралары
Медициналық персоналдың санаттылығының төмен деңгейі	Біліктілікті арттыру және санаттар беру бойынша оқу жоспарының өтуіне тұрақты мониторинг жүргізу.
Жалақының төмендігі және жұмыс нәтижелерін жақсартуға материалдық ынталандырудың жеткіліксіздігі салдарынан мамандардың кетуі	Еңбек нәтижелері бойынша сараланған еңбекақы төлеу және қызметкерлердің жұмыс нәтижелерін жақсартуға мүдделілігі арқылы жалақыны арттыру, жұмыс берушінің қаражаты есебінен оқыту мүмкіндігін беру жолымен кадрлардың біліктілігін арттыру жөнінде шаралар қабылдау
Жабдықты сатып алуға қаржыландырудың болмауы, жаңартусыз жабдықтар жиынтығының ескіруі	Жабдықты сатып алуды жоспарлау

3 бөлім. РҚО қызметінің басым бағыттары

Стратегиялық бағыт 1. Медициналық ұйымдарды сапалы және қауіпсіз қан компоненттерімен қамтамасыз ету арқылы халықтың денсаулығын нығайту

Мақсат 1. Халыққа тиімді трансфузиялық көмек көрсету

Басым бағыт 1. Денсаулық сақтау ұйымдарының қажеттіліктерін сапалы, қауіпсіз, жоғары технологиялық донорлық қан өнімдерімен қамтамасыз ету.

Міндет 1.1. Алматы қаласының, Алматы облысының медициналық ұйымдарына трансфузиялық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету

Іске асыру жөніндегі шаралар:

- қан компоненттерінің уақтылы берілуін қамтамасыз ету;
- пациенттердің белгілі бір санаты үшін қосымша сапалық сипаттамалары бар қан компоненттерімен қамтамасыз ету;
- қоғамда ерікті өтеусіз қан донорлығын насихаттау бойынша жұмысты қамтамасыз ету (Интернет-ресурстар, әлеуметтік желілер, БАҚ);
- эпидемиологиялық бақылауды күшейту, салауатты өмір салтын насихаттау және ҚР тұрғындарына психоәлеуметтік кеңес беру;
- ақпараттық технологияларды пайдалану үшін нормативтік құқықтық негіз құру және медициналық ұйымдарды қан компоненттерін сақтауға және иммуногематологиялық зерттеулер жүргізуге арналған мамандандырылған жабдықтармен толық жарақтандыру.

Басым бағыт 2. Медициналық қызмет көрсетуді жетілдіру.

Міндет 1.2. Қан компоненттері мен зертханалық қызметтердің сапасын жақсарту

Іске асыру жөніндегі шаралар:

- донорлық қанды зерттеуді қоса алғанда, қан компоненттерін өндіруге жаңа заманауи технологияларды енгізу.

Басым бағыт 3. Денсаулық сақтау ұйымдарын мамандандырылған зертханалық қызметтермен қамтамасыз ету.

Міндет 1.3. Қазақстан Республикасының оңтүстік өңірлерінде ағзалар мен тіндерді транспланттау процесін сүйемелдеу үшін иммунологиялық типтеудің зертханалық қызметін дамыту.

Іске асыру жөніндегі шаралар:

- трансплантологиялық операцияларды сүйемелдеу шеңберінде тіндерді типтеу бойынша зертханалық зерттеулер технологиясын дамыту.

Стратегиялық бағыт 2. Пациентке бағдарлануды/донорға бағдарлануды арттыру

Мақсат 2. Донорлармен жұмыс кезінде сапа менеджменті жүйесінің тиімділігін арттыру.

Басым бағыт 4. Донорларға қызмет көрсету жөніндегі іс-шараларды жетілдіру.

Міндет 2.1. Донорларды қабылдау және іріктеу сапасын жақсарту

Іске асыру жөніндегі шаралар:

- донорлық функцияны жүзеге асырудың барлық кезеңдерінде донордың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- донордың РҚО-да және көшпелі жағдайларда болуы үшін жайлы жағдайларды қамтамасыз ету;
- ресми еместілік пен кұпиялылық қағидаттарын сақтай отырып, донорлық функцияны жүзеге асыру кезінде донорлардың құқықтарын қамтамасыз ету және қорғау.

Мақсат 3. Кадрлық әлеуетті дамытуды қамтамасыз ету

Басым бағыт 5. Кадрлық әлеуетті арттыру

Міндет 2.2. Жоғары білікті кадрлардың пулын қалыптастыру

Іске асыру жөніндегі шаралар:

- денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілерде көзделген оқыту нысандары бойынша жоғары білікті мамандарды даярлауды қамтамасыз ету;
- бөлімшелер мен оқу орындарының басшыларымен тығыз ынтымақтастықта біліктілікті арттыру және санаттар беру бойынша оқу жоспарынан өтудің тұрақты мониторингі.

Стратегиялық бағыт 3. Қаржы-шаруашылық қызметті жетілдіру

Мақсат 4. Қаржы-шаруашылық қызметінің тиімділігін және қан компоненттерін тиімді өндіруді арттыру

Басым бағыт 6. Қаржылық-экономикалық тұрақтылық.

Міндет 3.1. Орталық активтерінің табыстылығын арттыру

Іске асыру жөніндегі шаралар:

- ресурс үнемдеуші технологияларды енгізу есебінен өндіріс тиімділігін арттыру, донациялардың жарамсыздық үлесін төмендету;
- Алматы қаласында оңтайландыру жүргізу есебінен клиенттік базаны кеңейту;
- ақылы донациялар үлесінің төмендеуі;
- ақылы медициналық қызметтерді кеңейту;
- РҚО бөлімшелерін толыққанды қосымша жарақтандыру;
- келісімшарттық фракцияға көшу;
- мемлекеттік-жекешелік әріптестік шеңберінде бүкіл Алматы өңірі үшін РҚО жаңа ғимаратын салу.

4 бөлім. РҚО мен ҚР ДСМ стратегиялық жоспарының өзара байланысының архитектурасы
Мемлекеттік органның стратегиялық бағыттары



5 бөлім. СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР, МАҚСАТТАР ЖӘНЕ НЫСАНАЛЫ ИНДИКАТОРЛАР

Стратегиялық бағыт 1. Медициналық ұйымдарды сапалы және қауіпсіз қан компоненттерімен қамтамасыз ету арқылы халықтың денсаулығын нығайту.

Мақсат 1. Халыққа трансфузиялық көмек көрсетудің тиімді жүйесін қалыптастыру

№	Нысаналы индикатордың атауы	Өлшем бірлігі	Ақпарат көзі	Жауаптылар	2019 жыл фактісі	Жоспар (жылдар)				
						2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Нысаналы индикаторлар										
1	Өтеусіз донациялардың үлесі (кемінде)	%	Есеп беру	Директордың мед.саласы жөніндегі орынбасары	98,1	96,5	96,6	96,7	96,8	96,9
2	Медициналық ұйымдарды қан компоненттерімен қамтамасыз ету	%	Есеп беру	Директордың мед.саласы жөніндегі орынбасары	100	100	100	100	100	100
Міндет 1.1. Алматы қаласы мен Алматы облысының медициналық ұйымдарына трансфузиялық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету										
Нәтижелер көрсеткіштері										
1	Қан және оның компоненттерін донациялау саны (кемінде)	донация	Есеп беру	Директордың мед.саласы жөніндегі орынбасары	15 115	12 500	12 700	12 710	12 720	12 730
2	Ерікті өтеусіз донациялардың үлесі (кемінде)	%	Есеп беру	Директордың мед.саласы жөніндегі орынбасары	98,1	96,5	96,6	96,7	96,8	96,9
3	Ақылы донациялардың үлесі (артық емес)	%	Есеп беру	Директордың мед.саласы жөніндегі орынбасары	1,9	3,5	3,4	3,3	3,2	3,1
Міндет 1.2. Қан компоненттері және зертханалық қызметтердің сапасын жақсарту										

Нәтижелер көрсеткіштері										
1	Вирустазартылған және карантиндеу технологияларын пайдалана отырып дайындалған жаңа мұздатылған плазманы ТМККК шеңберінде МҰ-ға беру үлесі	%	Есеп беру	Директордың мед.саласы жөніндегі орынбасары	100	100	100	100	100	100
2	Донациялардың жарамсыздық үлесі (артық емес)	%	Есеп беру	Директордың мед.саласы жөніндегі орынбасары	2,3	3	3	3	3	3
3	Негізделген шағымдардың болмауы	бірлік	ТКҚСҚБК өтініштер б/ша тергеу нәтижелерінің деректері	Директордың мед.саласы жөніндегі орынбасары	0	0	0	0	0	0

Міндет 1.3. Қазақстан Республикасының оңтүстік өңірлерінде ағзалар мен тіндерді транспланттау процесін сүйемелдеу үшін иммунологиялық типтеудің зертханалық қызметін дамыту

Нәтижелер көрсеткіштері										
1	Иммунологиялық типтеу бойынша зерттеулер саны (кемінде)	зерттеу	Есеп беру	Директордың мед.саласы жөніндегі орынбасары	3 389	2 770	3 400	3 410	3 420	3 430
2	МҰ өтінімдерінің қанағаттануы	%	Есеп беру	Директордың мед.саласы жөніндегі орынбасары	100	100	100	100	100	100
3	Иммунологиялық типтеу нәтижелерінің сәйкессіздіктерінің үлесі	%	Есеп беру	Директордың мед.саласы жөніндегі орынбасары	0	0	0	0	0	0

Стратегиялық бағыт 2. Пациентке бағдарлануды/донорға бағдарлануды арттыру

Мақсат 2. Донорлармен жұмыс істеу кезінде сапа менеджменті жүйесінің тиімділігін арттыру

№	Нысаналы индикатордың атауы	Өлшем бірлігі	Ақпарат көзі	Жауаптылар	2019 жыл фактісі	Жоспар (жылдар)				
						2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Нысаналы индикаторлар										
1	Донорлардың қанағаттану деңгейі	%	Сауалнама	Сапаны бақылау басқармасының басшысы		85	86	87	88	89
Міндет 2.1. Донорларды қабылдау және іріктеу сапасын жақсарту										
Нәтижелер көрсеткіштері										
1	«Өте жақсы» бағасымен экзитпол нәтижелерінің үлесі (кем емес)	%	Есеп беру	Сапаны бақылау басқармасының басшысы		85	86	87	88	89
2	Әлеуметтік желілердегі теріс пікірлердің үлесі (артық емес)	%	Есеп беру	Сапаны бақылау басқармасының басшысы		10	10	10	10	10
3	Донорлар мен келушілердің негізделген шағымдары	бірлік	ТҚҚСҚБК өтініштер б/ша тергеу нәтижелерінің деректері	Сапаны бақылау басқармасының басшысы	0	0	0	0	0	0

Мақсат 3. Кадрлық әлеуетті дамытуды қамтамасыз ету

№	Нысаналы индикатордың атауы	Өлшем бірлігі	Ақпарат көзі	Жауаптылар	2019 жыл фактісі	Жоспар (жылдар)				
						2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Нысаналы индикаторлар										
1	Кадрлармен жасақтау (барлық санаттар бойынша)	%	Есеп беру	Персоналды басқару бөлімінің басшысы	71,25	72	73	74	75	76
Міндет 2.2. Жоғары білікті кадрлардың пулын қалыптастыру										
Нәтижелер көрсеткіштері										
1	Кадрлардың тұрақтамауы	%	Есеп беру	Персоналды басқару бөлімінің басшысы	5,3	15	14	13	12	10
2	Қызметкерлердің қанағаттану деңгейі	%	Сауалнама	Персоналды басқару бөлімінің басшысы	86	86,5	87	87,5	88	88,5
3	Біліктілігін арттырудан және қайта даярлаудан өткен қызметкерлердің үлесі	%	Есеп беру	Персоналды басқару бөлімінің басшысы	17,6	5,5	5,6	5,7	5,8	5,9

Стратегиялық бағыт 3. Қаржы-шаруашылық қызметті жетілдіру.

Мақсат 4. Қаржы-шаруашылық қызметінің тиімділігін және қан компоненттерін тиімді өндіруді арттыру

№	Нысаналы индикатордың атауы	Өлшем бірлігі	Ақпарат көзі	Жауаптылар	2019 жыл фактісі	Жоспар (жылдар)				
						2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл
1	2	3	4	5	6	7				
Нысаналы индикаторлар										
1	Активтердің табыстылығы (ROA)	%	Есеп беру	Директор, бас экономист	2,24	0,03	0,05	0,06	0,07	0,08
Міндет 3.1. Орталық активтерінің табыстылығын арттыру										

1	Жалпы табыстан ақылы қызметтерден түсетін кірістің үлесі	%	Қаржылық есеп	Директор, бас экономист	5,37	5,5	5,6	5,7	5,8	5,9
2	Мерзімі өткен кредиторлық берешек	%	Бухгалтерлік баланс бойынша	Бас бухгалтер	0	0	0	0	0	0
3	Дәрігердің 1 мөлшерлемесіне шаққандағы орташа айлық жалақының аймақтағы орташа айлық номиналды жалақыға қатынасы	%	Статистикалық мәліметтер, есеп беру	Бас экономист	1,2	1,2	1,3	1,3	1,3	1,3

6 бөлім. Ресурстар

№	Ресурстар	Өлшем бірлігі	2019 жыл фактісі	Жоспар (жылдар)				
				2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9
	Қаржылық барлығы, оның ішінде:	млн. теңге	1 802,03	1 604,35	1 837,07	1 837,07	1 837,07	1 837,07
<p>Мақсат 1. Халыққа трансфузиялық көмек көрсетудің тиімді жүйесін қалыптастыру</p> <p>Мақсат 2. Халыққа трансфузиялық көмек көрсетудің тиімді жүйесін қалыптастыру</p> <p>Мақсат 3. Кадрлық әлеуетті дамытуды қамтамасыз ету</p>								
	Бюджеттік бағдарлама 067 «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қамтамасыз ету»	млн. теңге	1 802,03	1 604,35	1 837,07	1 837,07	1 837,07	1 837,07
	Барлығы:	млн. теңге	1 802,03	1 604,35	1 837,07	1 837,07	1 837,07	1 837,07